

**Таран ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 10 "Таран селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөлектеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Таран ауданы Таран ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 15 мамырдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 маусымда № 4786 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Таран ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ**  
**Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Таран ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 10 "Таран селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөлектеріне атаулар беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-18-99 тіркелген, 2009 жылғы 12 қарашада "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосының" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*әкімінің міндетін атқарушы*

*Т а р а н                    а у ы л д ы қ                    о к р у г і*  
*Ш. Сүлейменов*